

**Қатысқандар:**

1. Малайсаринова А.И- төрайымы
2. Сұланова А – мүшесі
3. Аманова А. – мүшесі
4. Омарбаева А – мүшесі
5. Мукушев Ғ. О. – мүшесі
6. Нүркенов Р. – мүшесі
7. Дүйсенбаев Б – мүшесі
8. Есенбаев Н – мүшесі
9. Қасенбекова Н– мүшесі
10. Мектеп директоры Бибосынов С.С.
11. Директордың тәрбие ісі жөн. орынбасары Айтжанова А.Х.- хатшы

**Күн тәртібі**

1. 2022 жылдың ІІ жартыжылдық бойынша мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылармен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі.

**Тыңдалды:** Мектеп директоры С.С.Бибосыновтың баяндауы бойынша Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде көп балалы отбасы саны – 153, ондағы оқушылар саны - 338 оқушы, толық емес отбасылардың отбасы саны – 32, ондағы оқушылар саны – 44 оқушы, аз қамтылған отбасылар саны – 4, ондағы оқушылар саны – 6, қамқорлықтағы оқушыларды тәрбилеп отырған отбасы саны – 2, ондағы оқушылар саны – 5, ата әжесімен тұратын – 5 отбасы оқушылар саны – 5. Денсаулығына байланысты – 3 отбасыдан 3 оқушы үйден оқытылады.

Ата – анасынан бөлек тұратын – 5 оқушының сенім хаттар толығымен бар. 2022 оқу жылғы 05 қыркүйегінен бастап жекелеген санаттарына сәйкес тегін және жеңілдетілген тамақтандыру жүргізілуде. 1-4 сыныптарда 328 оқушы, жалпыға бірдей білім беру қорынан 30 оқушы тамақтануда.

Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінде республикалық «**Мектепке жол – шекарасыз жақсылық**» атты ұранмен акция өткізілді.

Акцияның мақсаты - әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылының басында қолдау көрсету. Бұл мұқтаж жандарды, оның ішінде балаларды жылы жүректің мейірімі мен шуағына бөлеу имандылық, адамгершілік тұрғысынан сауапты іс екені анық.

Аталған акцияға ата-аналар, ұстаздар, Жаңаарқа ауданының беделді, ауқатты азаматтары мен азаматшалары да белсене қатысты: мектеп ұстаздары мен сынып жетекшілер мектепке қажетті оқу құралдары, мектеп сөмкелерімен және формалармен көмектер берді.

**Тоқсейітова Н.М – 5000 теңгеге 3 « г » сыныбының оқушысы Көшетаева Ақеркеге мектеп сөмкесі мен оқу – құралдары, Абильдина Ш.Ш – 5000**

теңгеге 3 « г » сыныбының оқушысы Шакеров Нұрасылға мектеп сөмкесі, Серікбаева А.А – 3000 теңгеге 3 «а» сыныбының оқушысы Жұмажан Еркеназға оқу – құралдары, Мұхамеджанова Н.Р – 5000 теңге көлемінде Көшенов Бидәулетке туфли, Асамиданов Ж.М – 5000 теңгеге 2 « г » сыныбының оқушысы Шакеров Алмазға мектеп сөмексі мен оқу – құралдарын алып берді.

Абекова Бағлан – 10000 теңгеге 6 « в » сыныбында көп балалы отбасынан шыққан Жақанова Асылжанға мектепке қажетті оқу – құралдарын алып берді. Шалғынбаева Ақтолқын - 5000 теңгеге 2 « г » сыныбындағы Аманжолұлы Ерқанатқа оқу – құралдарын алып берді. Сауытбаева Ж.С – 3000 теңгеге 4 «г» сыныбындағы Қырықбай Диарға оқу – құралдарын алып берді.

**Жеке кәсіпкерлер:**

Жылдағы дәстүрмен Сұлтанова Алуа « Жібек жолы » дүкені 1 « а » сыныбының оқушысы 25000 теңгеге Біләл Мәдиге (етік, ақ көйлек, спорттық костюм) берді.

Жұмабаева Күмісай «Манас » дүкені 2 « в » сыныбындағы Өмірхан Сержанға 20000 теңгеге мектеп формасы мен оқу – құралдарын берді.

Каутаев Жансұлтан «Жандос» дүкені 9 « а » сыныбының қамқорлықтағы оқушысы Азамат Әділжанға 25000 мың теңгеге мектеп формалары мен оқу – құралдарын берді.

6 « г » сыныбының оқушысы Хамзе Аружанға спорттық киімдер мен оқу – құралдарын алып берді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнге дейін акция аясында мектептен 30 ға жуық балалар қамтылып, көмек көрсетілді, көрсетілген көмек қоры **98000 мың теңге .**

Мектепке жол акциясына белсене қатысқан барлық азаматтарға шексіз разылығымызды білдіре отырып, Сіздерге Алланың нұры жауып, жасаған қайырымдылықтарыңыз сауапқа жазылсын дейміз!

АББ – нің қорынан бөлінген бір реттік ақшалай көмекке 45 отбасыдан 106 оқушы қамтылып қазіргі таңда барлық отбасыларға ақшалай көмектер аударылды. Ақша алған барлық ата – аналардан чек пен фотолар жинақталды. 2023- 2024 оқу жылына 155 оқушыға бір реттік ақшалай көмекке сұраныс берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспар жасалынып, қыркүйек айында құқық қорғау органы қызметкерлерімен бекітілді. Қыздармен және ұлдармен жеке жиналыстар өткізілді. Сапта тұруларда мектептің ішкі тәртіп ережесі таныстырылды. Мектеп ішіндегі құқықбұзушылықтың алдын алу және оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында мұғалімдерден және сынып оқушыларынан кезекшіліктер құрылып ұйыдастырылды.

Оқушылардың мектеп формасы, үнемі бақылауда. Сабақты себепсіз босататын оқушылар жоқ. 7-11 сынып ұлдары мен қыздарына жеке жиналыстар өткізілді. Құқық қорғау органдарымен ұлдардың тәртібі, қазақ отбасындағы ұл бала және қыз бала тәрбиесі ерекшеліктері, қоғамдық ортада өздерін қалай ұстау керектігі жайлы айтты. Сабақ уақытындағы, сабақтан тыс уақытындағы тәртіптері жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді (<https://www.instagram.com/reel/Cib9oyggJnb/?igshid=MDJmNzVkMjY=>).

Мектепішілік тіркеуге тәртібі үшін 5 оқушы алынды.

Олар

№	Оқушының аты – жөні	Туған-жылы	сын ыбы	әлеуметтік жағдайы	есепке қойылған уақыты	Үйірмеге қатысуы
1	Асхат Саяжан	17.02.2012	5 «а»	жақсы	16.10.2023	күрес
2	Еркінұлы Мұхамедәлі	14.07.2011	5 «а»	көп балалы	16.10.2023	күрес
3	Еділбай Әбдінұр	1.06.2012	5 «а»	жақсы	16.10.2023	күрес
4	Қыдырбай Мұхаммед	26.07.2011	5 «б»	көп балалы	23.01.2023	бокс
5	Дидарұлы Ибрахим	02.05.2012	5 «в»	жақсы	23.01.2023	күрес

Мектепшілік есепке алынған оқушылардың үйлеріне рейд жасалынып, ата – аналарына есепке қойылғандығы жөнінде ескертпе хабарлама жіберілді. Бұл оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді, сабаққа қатысулары үнемі бақылауда. Аудандық ішкі істер бөлімінің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы Амангелді Р шақыртылып құқық бұзушылық жөнінде ақпараттар берді.

Қауіп – қатер тобына 1 оқушы алынды.

№	Оқушының аты – жөні	Туған-жылы	сын ыбы	әлеуметтік жағдайы	есепке қойылған уақыты	Үйірмеге қатысуы
1	Тәңірберген Нұрасыл	07.02.2008	9 «а»	жақсы	25.01.2023	Шахмат

Қараусыз, қадағалаусыз және мектепке келмей жүрген балалар анықталған жоқ.

Қамқоршылар күніне байланысты қамқорлықтағы оқушыларымыздың үйлеріне рейд жасап, қамқоршы ата – аналарымызға 9 сыныптың оқушыларын апарып көмек көрсетілді.

29 қазан «Қамқоршылар күні». Бұл іс-шараның басты мақсаты – жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп жатқан қамқоршыларды қолдау, өздерінің отбасыларына балаларды алуға тілек білдіретін азаматтардың (қамқоршылық, қорғаншылық, бала асырап алу) санын көбейту. Қайырымды бола білу үлкен іс. Мерекеде ата – ана махаббаты мен қамқорлығынан айырылған балаларды бақытты етумен қатар, асыл міндетті өз мойнына алған адамдарға алғыс пен құрмет білдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан бүгінгі мерекеге орай қамқоршы анамыз, қамқорлығына үш баланы бауырына басқан Абдыкалыкова Нұрбану апаның үйіне бардық.







Ұлытау облыс әкімінің Жаңа жылдық шыршасына қамқорлықтағы 6 «г» сыныбының оқушысы Диханбай Сәтжан және де көп балалы отбасынан екі оқушы жберілді. Олар: 6 «в» сыныбының оқушысы Жұмажан Ерасыл, 5 «б» сыныбынан Болатбек Нұржігіт оқушыларға планшет пен тәттілер берілді.

Аудан әкімінің Жаңа жылдық шыршасына әлеуметтік жағдайларына байланысты 3 оқушы ;Үздік, белсенді 2 оқушы; Спортта жетістігі бар 1 оқушы;Үйден оқытылатын 3 оқушы жіберілді.

6 «г» сыныбынан қамқорлықтағы 2 оқушы жіберілді. Абдыкаликова Жансая және Азамат Саяжан, аз қамтылған отбасынан шыққан (әкесі жұмыссыз) 7 « г » сыныбының оқушысы Шубай Нұрсәуле – бұл оқушыларға ұялы телефон мен тәттілер сыйға берілді. 5 « б » сыныбынан Сейдахмет Әсет – үздік, белсенді (әкесі жоқ) бұл оқушыға ұялы телефонмен тәттілер; 8 « б » сыныбынан үздік және белсенді Өмірзақова Назерке – смарт сағат пен тәттілер; 8 « в » сыныбынан спортта жетістігі бар Төкен Айзере – смарт сағат пен тәттілер сыйға берілді. Үйден оқытылатын 3 оқушыға ,олар: 6 « б » сыныбынан Тылеубай Асия, 1 « в » сыныбынан Төкен Айсұлтан, 6 « в » сыныбынан Бақытжан Әділ бұл оқушыларға жұмсақ ойыншықтар мен тәттілер сыйға берілді.

**Шешімі:** 2022 жылдың II жартыжылдық бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен оқушылармен жұмыс және қайырымдылық көмектің жұмсалуды бойынша мектеп директоры С.С.Бибосыновтың есебі қанағаттанарлық, көрсетілген қамқорлық бақылау, материалдық қолдау жұмыстары әділ, айқын деп танылсын.

Кеңес құрамы:

1. Малайсаринова А.И- төрайымы 
  2. Сұланова А – мүшесі 
  3. Аманова А. – мүшесі 
  4. Омарбаева А – мүшесі 
  5. Мукушев Ф. О. – мүшесі
  6. Нүркенов Р. – мүшесі 
  7. Дүйсенбаев Б – мүшесі 
  8. Есенбаев Н – мүшесі 
  9. Қасенбекова Н– мүшесі 
- Хатшы: Айтжанова А.Х. 